

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Массаждық жаға

DEXP MP-50



Мазмұны

Құрылғының қолданылу мақсаты.....	4
Сақтық шаралары	5
Негізгі функциялары.....	5
Құрылғының сыртқы түр-сипаты.....	6
Құрылғыны пайдалану.....	6
Техникалық сипаттамалар.....	7
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары.....	7
Қосымша ақпарат	8

Құрметті сатып алушы

«DEXP» маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін сізге алғысымызды білдіреміз.

Біз сізге жоғары сапаға, функционалдылықта және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бүйімдарды және құрылғыларды қуана ұсынамыз. Пайдалануды бастамас бұрын, қауіпсіздігіңзге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақтығы жайында қамқорлық етіңіз және өнімді одан әрі пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының қолданылу мақсаты

Массаждық жаға – бұл дененің әртүрлі бөлігіне массаж жасауға арналған құрылғы.

Сақтық шаралары

- Құрылғыны пайдаланғаннан кейін және тазаламас бұрын, қысқа түйікталудың алдын алу үшін ашаны розеткадан сұрып алу ұсынылады.
- Құрылғыға су кіріп кетсе, оны дереу желіден ажыратыңыз.
- Массаждық жағаны ылғалдан қорғалған, қараңғы, құрғак, тікелей күн сәулесі түспейтін жерде сақтау ұсынылады. Құрылғыны дымқыл бөлмелерде, сондай-ақ тікелей су көздерінің маңында қолданбаңыз.
- Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаған жөн.
- Құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты бақылау жүргізетін басқа жандар жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда пайдалануына арналмаған. Балаларға осы құрылғымен ойнауға рұқсат берменіз.
- Массаждық жағаны желіге қосылған кезде оны қараусыз қалдырмаңыз. Құрылғы пайдаланылмаған кезде оны желіден ажыратқан жөн.
- Массаждық жағаны тек осы нұсқаулыққа сәйкес қолданыңыз.
- Осы нұсқаулықта сипатталмаған қосымша құралдарды пайдаланбаңыз.
- Массаждық жағаны розеткасы немесе өзі зақымдалған кезде, жұмысында ақаулықтар болғанда, сондай-ақ құрылғыға су кірген кезде пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны жылыту құрылғыларына жақын орналастырмаңыз.
- Құрылғыны ұйықтап жатқанда пайдаланбаңыз.
- Бөлмеде жақында күйдіргіш аэрозольдер шашыратылған болса, массаждық жағаны пайдаланбаңыз.
- Инфрақызылдық жылыту салдарынан болатын өрт қаупіне жол бермеу үшін құрылғының астына жастықтар мен басқа материалдарды қоймаңыз.
- Құрылғыны ажырату үшін барлық функцияларды сөндіріп, штепсельді розеткадан шығарыңыз.
- Құрылғыны қан айналымы нашар және терісі сезімтал адамдарға қолдануға ұсынылмайды.
- Құралды жарақаттанған, қалыптан тыс пигментті немесе сезбейтін теріге қолданбаңыз.
- Құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.

Негізгі функциялары

- Инфрақызылдық жылыту функциясы бар 8 массаж бастары шаршауды басып, демалуға көмектеседі.
- Массаж бастарының екі бағыттағы қозғалысы: сағат тілі бағытымен және сағат тілі бағытына қарсы.
- Массаждық жағаның пішіні дененің әртүрлі бөліктеріне: мойынға, арқаға, белге және т. б. массаж жасауға мүмкіндік береді. Тұтқалар құрылғыны ыңғайлы орналастыруға және оны қажетті күйде ұстап тұруға көмектеседі.
- Массаждық жаға бұлшықеттердегі шаршауды, қозуды және ауырсынуды басады, қан ағысы мен жасуша метаболизмін жақсартады.
- Автокөлік адаптері сізге массаждық жағаны үйде немесе кеңседе ғана емес, жолда да қолдануға мүмкіндік береді.

Құрылғының сыртқы түр-сипаты



Құрылғыны пайдалану

1. Құрылғыны ИҚ жылжту функциясымен массаж режимінде қосу үшін қуат түймесін басыңыз.
2. Массаж бастары сағат тілі бағытымен қозғалады.
3. Тиісті ауыстырып қосқыштар көмегімен жылжтуудың қажетті температурасын және массаждық бастардың қозғалу бағытын орнатыңыз.

МАҢЫЗДЫ:

- Массаж сессиясының ұсынылатын ұзақтығы - 15 минут.
- Бір бұлшықет топтарына қатарынан бірнеше сеанс массаж жасамаңыз.

Техникалық сипаттамалар

- Моделі: MP-50.
- Қуат адаптерінің параметрлері:
 - AC: 220-240 В, 50 Гц.
 - DC: 12 В == 2.5 А.
- Қуаты: 25 Вт.
- Жылдыу және механикалық массаж.
- 2 режим.
- Инфрақызылдық жылдыу
- Автоматты өшірілуі 15 минут өткенде.
- 8 массаждық роликтер.
- Екі бағытқа да айналу.
- Желіден және тұтатқыштан қуат алады.
- Жиынтықтама: массаждық жаға, желі адаптері, тұтатқышқа арналған ағытпа, пайдаланушы нұсқаулығы.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылдытылатын жайларында, өндіруші қаптамасында, 5°C...40°C температура аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде сақтау керек. Жайларда коррозия тұдыратын қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің буласы) болмауға тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мүқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғанда оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кәдеге жарату және қайта өңдеу үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне қайта өңдеуге тапсырылады. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дерек өкілетті сервистік орталыққа жүргініп хабарласыңыз немесе құрылғының кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Жүйань Юньли Электроник Тәкнолоджи Ко., Лтд.
А-3-3, Цзэншань өнеркәсіптік аймағы, Таошань, Жүйань, Чжэцзян пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нур-Султан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301C,
Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301C-кеңсе,
Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр-магниттік сәйкестілігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАӘО ТР «Электр
техникасы және радиоэлектроника бүйімдарында қауіпті заттардың
қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес
келеді.

Бүйімның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамаларын жетілдіру үшін
алдын ала хабардар етпестен өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

Ескертпелерге арналған орын

Ескертпелерге арналған орын

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және ол тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілді қызмет көрсету пайдалануышының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың жақартылған тізімі мына мекенжайдада:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



www.dexp.club